

**Отандық және шетелдік тікелей инвестицияларды тарту үшін Қазақстан Республикасы экономикасының басым секторларының тізбесін бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1997 жылғы 5 сәуірдегі N 3444 . Күші жойылды - ҚР Президентінің 2006.01.09. N 1696 жарлығымен.

"Тікелей инвестицияларды мемлекеттік қолдау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының Z970075\_ 6-бабына сәйкес қаулы етемін:

1. Отандық және шетелдік тікелей инвестицияларды тарту үшін Қазақстан Республикасы экономикасының басым секторларының мынадай тізбесі бекітілсін :

- өндірістік инфрақұрылым;
- өңдеуші өнеркәсіп;
- Ақмола қаласының объектілері;
- тұрғын үй, әлеуметтік сала мен туризм объектілері;
- ауыл шаруашылығы .

2. Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі мемлекеттік комитеті бір апта мерзімде Қазақстан Республикасы экономикасының басым секторларының шеңберінде 2000 жылға дейінгі кезеңде отандық және шетелдік тікелей инвестицияларды тарту үшін Барынша маңызды өндірістердің тізімін бекітіп, баспасөзде жариялайтын болсын.

3. Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі мемлекеттік комитеті бекіткен барынша маңызды өндірістерге инвестицияларды мемлекет инвестициялық жобаны іске асырудың бүкіл кезеңінде көтермелеп, қолдап отырады деп белгіленсін.

4. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының*

*Президенті*